

"Шымкент қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы" 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 72/675-6с Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2022 жылғы 6 маусымдағы № 17/155-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 маусымда № 28527 болып тіркелді

Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шымкент қаласы мәслихатының "Шымкент қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы" 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 72/675-6с шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 151 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы
мәслихатының хатшысы*

*Б. Нарымбетов
Шымкент қаласы мәслихатының
2022 жылғы 6 маусымдағы
№ 17/155-VII шешіміне қосымша
Шымкент қаласы мәслихатының
2020 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 72/675-6с шешіміне 1-қосымша*

Шымкент қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде қосымша тегін берілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, арнайы емдік өнімдер, медициналық бұйымдар

№	Аурудың атауы	Дәрілік заттардың, арнайы емдік өнімдердің, медициналық бұйымдардың атауы (шығарылу нысаны)	Азаматтардың санаты
1.		Ацетилцистеин, көпіршитін таблеткалар 600 мг	

2.	Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы	Будесонид, ингаляцияға арналған дозаланған суспензия 0,5 мг/мл	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан азаматтар
3.	Ұстамалы түнгі гемоглобинурия	Экулизумаб	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан азаматтар
4.	Гиперинсулинизм	Октреотид, инъекцияға арналған ерітінді, 0,1 мг/мл 1 мл	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
5.	Сегменттік краниалды дистония-блефароспазм	а-гемаглютинин типті ботулиндік уыттық кешен, бұлшықет ішіне және тер астына енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат 500 ӘБ	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары
6.	Ағзаларды және тіндерді ауыстырып салғаннан кейінгі жағдай	Урсодезоксихолий қышқылы, 250 мг	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары
7.		Эверолимус, таблеткалар 0,25 мг	
8.	Муковисцидоз	Тобрамицин, ингаляцияға арналған ерітінді 300 мг	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
9.		Колистин (Колистиметат), ингаляцияға арналған ерітінді дайындауға арналған ұнтақ	
10.		Ацетилцистеин, көпіршитін таблеткалар 200 мг	
11.		Урсодезоксихолий қышқылы, капсулалар 250 мг	
12.		Н у т р и э н стандарт-диеталық емдік тамақтануға арналған теңгерімді толыққанды қоспа	
13.	Диеталық емдік тамақтануға арналған гидролизденген ақуыз, сүт сарысуы негізіндегі қоспа		
14.		Адалimumаб, инъекцияға арналған ерітінді 40 мг/0,4 мл, 0,4 мл	
15.		Тоцилизумаб, инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат 200 мг/10 мл, 10 мл	

16.	Ювенилдік идиопатикалық артрит	Тоцилизумаб, инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат 80 мг/4 мл, 4 мл	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
17.		Инфликсимаб, вена ішіне енгізуге арналған ерітінді дайындау үшін концентрат дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ 100 мг	
18.		Голимумаб, инъекцияға арналған ерітінді 50 мг/ 0,5 мл, 0,5 мл	
19.		Канакинумаб, тері астына енгізуге арналған ерітінді 150 мг/мл	
20.	Созылмалы тромбоэмболиялық гипертензия	Риоцигуат, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар 2,5 мг	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан азаматтар
21.	Эпилепсияның сирек кездесетін және резистентті түрлері	Тетракозактид	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
22.		Этосуксимид	
23.		Вигабатрин	
24.		Сультиам	
25.		Лакосамид	
26.		Перампанел	
27.		Тиагабин	
28.		Руфинамид	
29.		Фенитоин	
30.		Стирипентол	
31.		Клобазам	
32.	Псориатикалық артрит	Инфликсимаб, вена ішіне енгізілетін ерітінді дайындау үшін концентрат дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ 100 мг	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан азаматтар
33.	Амиотрофиялық бүйірлік беріштену	Рилузол, қабықпен қапталған таблеткалар 50 мг	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан азаматтар
34.	Целиакия	Нан пісіруге арналған арнайы ұн қоспасы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
35.		Глютенсіз құрғақ таңғы ас	
36.		Глютенсіз макарон өнімдері	

37.		Глютенсіз печенье	
38.		Глютенсіз вафли	
39.	Арка бұлшықеттік атрофиясы	Нусинерсен, интратекальді енгізуге арналған ерітінді 2,4 мг/мл, 5 мл	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
40.		Рисдиплам, ішке қабылдау үшін ерітінді дайындау үшін ұнтақ 2 г	
41.	Дюшенн/Беккер бұлшықет дистрофиясы	Этеплирсен, сұйылтудан кейін вена іші инфузиясына арналған инъекция 500 мг/10 мл (50 мг/мл)	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
42.		Этеплирсен, сұйылтудан кейін вена іші инфузиясына арналған инъекция 100 мг/2 мл (50 мг/мл)	
43.		Голодирсен, инфузия үшін ерітінді дайындауға концентрат дайындау үшін ұнтақ 100 мг/2 мл	
44.		Голодирсен, инфузия үшін ерітінді дайындауға концентрат дайындау үшін ұнтақ 500 мг/10 мл	
45.		Дефлазакорт, таблетка 6 мг	
46.		Дефлазакорт, таблетка 30 мг	
47.		Крон ауруы, спецификалық емес ойық жара колиті	
48.		Күмісі бар майланған таңғыш	
49.		Фармпрепаратсыз таңғыш	
50.		Ылғалды гигиеналық салфеткалар	
51.		Стерильді таңғыш	
52.		Абсорбциялайтын стерильді таңғыш	
53.		Абсорбциялайтын таңғыш	
54.		Бұласыр	

55.	Буллалық эпидермолиз	Гидротюль, гидроактивті майланған таңғыш	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар		
56.		Перуан бальзамы бар майланған таңғыш			
57.		Стерильді салфеткалар			
58.		Бекітетін созылмалы бинт			
59.		Бекітетін бинт			
60.		Торлы құбырлы бинт			
61.		Жұмсақ, стерильді емес мақталы бинт			
62.		Хлорамфеникол негізіндегі стерильді таңғыш			
63.		Көмей стенозы		Трахеотомиялық манжетсіз түтік	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
64.				Вакуумдық бақылауымен аспирациялық катетер	
65.				Трахеотомиялық түтіктің астына төселетін салфеткалар	
66.				Гастростомиялық түтік	
67.	Энтеральді коректендіруге арналған зонд				
68.	Жылу-ылғал алмастырғыш				
69.	Дауыс клапандары				
70.	Саусақтық пульсоксиметр				
71.	Амбу қабы				
72.	Трахеостомаға бітеуіштер				
73.	Хлоргексидин, сыртқа қолдануға арналған ерітінді 0,05%				
74.	Бір рет қолданылатын шприц				
75.	Будесонид, ингаляцияға арналған дозаланған суспензия 0,25 мг/мл				
76.	Фенотерол мен Ипратропий бромиді, ингаляцияға арналған ерітінді 500 мкг/250 мкг/мл 20 мл				

77.		Эпинефрин, инъекцияға арналған ерітінді 0,18 % 1 мл	
78.		Диеталық емдік тамақтануға арналған гидролизденген ақуыз, сүт сарысуы негізіндегі қоспа	
79.		Стерильді қолғаптар	
80.		Көп қолданылатын бекіткіш ленталар (трахеостома үшін)	
81.		Трахеостоманың айналасындағы теріні өндеуге арналған дәке тампондары	
82.	Шашыраңқы беріш	Кладрибин, таблетка 10 мг	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан азаматтар